«БАЙКЕНЖЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКИМА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА БАЙКЕНЖЕ»
ӨКІМ		**РАСПОРЯЖЕНИЕ**
«25» шілде 2025 ж		№ 29-НР

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 3, 4, 5 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Келесі тауар, жұмыс, қызметтерді, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен:

П. Өткелбайұлы көшесінің электр бағаналары мен электр желісін ауыстыру жұмыстары; күннен қуат алатын көше шамдарын орнату жұмыстары; әкім аппаратының бақылау камераларын жөндеу жұмыстары.

2. «Байкенже ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің есеп және есептілік жүргізу жөніндегі әдіскері С. Ахметов, мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4. Осы өкімнің қол қойылған сәттен бастап қолданысқа енеді.

Байкенже ауылдық округінің әкімі **Н. Оспанов**

Байкенже ауылдық округі Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы

Байкенже ауылы „25“ шілде 2025 жыл

Жиналысқа қатысқандар: жергілікті қоғамдастық төрағасы С. Бекназаров, қоғамдыстық мүшелері: Б. Серкінбайұлы, Н. Сәрсенова, Н. Жолдасбеков, С. Төрениязов, С. Рахметов, Б. Жиенбаев, Ж. Қосым, қоғамдастық хатшысы Н. Бектібаев, ауылдық округ әкімі Н. Оспанов, есепші С. Ахметов, салықшы маман С. Тұрсынбай, барлығы 10 адам.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

Жергілікті салық түрлерінен қосымша түскен қаржыны қажетті жұмыстарға бағыттау және мемлекеттік сатып алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мәселелері туралы.

Жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы С. Бекназаров қоғамдастық жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселенің мән жайын түсіндіру үшін сөзді а/о әкімі Н. Оспановқа берді.

Н. Оспанов: Жылдың басында жергілікті салықтардан түсетін салық болжамы 7 252 300 теңге болып бекітілген. Қосымша салық көздерін табу және салық базасын ұлғайтуға байланысты атқарылған жұмыстардың нәтижесінде І-жартыжылдықтың қорытындысымен бекітілген жоспарға қосымша 6 918 100 теңге салық түсті. Атап айтқанда; табыс салығынан-561 300 теңге, заңды тұлғалардың көлік салығынан-2 157 300 теңге, жеке тұлғалардың көлік салығынан 475 100 теңге, бірыңғай жер салығынан-3 047 200 теңге, жер пайдалану салығынан 677 200 теңге қаржы түсті. Енді өздеріңіздің келісімдеріңізбен осы қосымша түскен қаржыны ауылдың және әкім аппаратының зәру жұмыстарына бағыттауымыз керек. Біздің жобамыз бойынша 3 368 800 теңгені Пірәлі Өткелбайұлы көшесінің электр бағаналары мен электр желісін ауыстырып, жаңалау жұмыстарына, 2 000 000 теңгені Т. Өмірбайұлы, П. Өткелбайұлы, О. Жарылғапов, Ө. Дүйсенов, С. Үржанов көшелеріне күннен қуат алатын көше шамдарын орнату жұмыстарына, 600 000 теңгені екі ауылдағы істен шыққан диотты көше жарығы шамдарын жыл бойына жөндеп, ауыстырып отыруға, 499 300 теңгені әкімшіліктің бақылау камераларының жөндеу жұмыстарына, 200 000 теңгеге әкімшілікке шаруашылық құрал-жабдықтарын сатып алуға, 250 000 теңгені әкімшіктің қызметтік көлігінің жөндеу жұмыстарына бағытауды ұсынамыз. Соған сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстарының жылдық жоспарына өзгеріс енгізуді жоспарлап отырмыз.

Және атқарылатын жұмыстың сапалы орындалуы және мерзімінде орындалуы үшін Пірәлі Өткелбайұлы көшесінің электр желісін жөндеуге бағытталған 3 368 800 теңгені, күннен қуат алатын көше шамдарын орнату жұмыстарына бөлінетін 2 000 000 теңгені, әкімшіліктің бақылау камераларының жөндеу жұмыстарына бағытталатын 499 300 теңгені Мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуге келісім беруді сұраймыз.

Ауылдық округ әкімінің ұсыныстарына байланысты қоғамдастық мүшелері С. Бекназаров, Н. Сәрсенова, С. Рахметовтер сөз алып, шынында да бұл жұмыстар тұрғындарға қажетті, зәру жұмыстар, сондықтан ұсынысты қолдап, келісім береміз деген пікірлерін айтты.

Байкенже ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысы айтылған ұсыныс-пікірлерді қорыта келе, **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жергілікті салықтардан қосымша түскен артық 6 918 100 теңге қаржыны ұсыныста айтылған жұмыстарға бағыттауға келісім берілсін.
2. Соған сәйкес ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік сатып алу жұмыстарының жылдық жоспарына өзгерістер енгізуге рұқсат етілсін.
3. Атқарылатын жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында П. Өткелбайұлы көшесінің электр желісін жөндеу жұмысын, күннен қуат алатын көше шамдарын орнату жұмысын және әкімшіліктің бақылау камераларының жөндеу жұмыстарын Мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуге келісім берілсін.
4. Ауылдық округ әкімі мен ауылдық округ әкімі аппаратының есепші маманынан осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдау және жұмыстарды бекітілген заң талаптарына сай ұйымдастыру сұралсын.

Қоғамдастық төрағасы **С. Бекназаров**

Қоғамдастық хатшысы **Н. Бектібаев**